

¹Майкотова Ф.Т., ²Мукатаева К., ³Әбдірейім Ғ.

¹Журналистика факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: maykotova.galyiya@gmail.com

²Журналистика факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: tantal.km@mail.ru

³Журналистика факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: galionikz@mail.ru

«ТҮРКІ БІРЛІГІ» ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ, ТҰЖЫРЫМДАРЫНЫҢ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫМЕН САБАҚТАСТЫРЫНЫ

«Мәңгілік Ел – қазақстандықтардың ұлттық идеясына айналған феномендік метафора». Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың асыл арманына айналып, бүгінгі үрпаққа дейін жалғасқан асыл мұрраттар мен мақсаттардың жетістігі. Келешек үрпаққа бағыт-бағдар беретін де, ұлттымыздың арман-мұддесін бір арнаға тоғыстыратын да, кемел мақсаттарға жетелейтін де осы Мәңгілік Ел идеясы екені анық. «Мәңгілік ел» Түрік жүртінің атақты кеңесшісі Тонықөк бабамыздың өз туған халқына ұсынған идеясы екендігін қазіргі тарихымыздың шежіре беттері дәлелдейді. «Данагей қолбасшы бес жыл бойы Қытайдың ақсүйектің балалары білім алғын мектепте оқыған, Қытайдың түрлі губернияларында прокурорлық қызметтер атқарып, заң саласынан жан-жақты хабардар болған адам. Елтеріс Құттық қаған екінші Түрік қағанатын құрған кезде оған қолдау көрсетеді. Соның арқасында Құттық қаған екінші Түрік қағанатын құрады. Қағанат орнап болғаннан кейін Тонықөк «Мәңгілік ел» идеясын қолға алды. Мақалада қазақ, далаһында өмір сүрген көшпелілер мемлекеттілігінің тұтас даму үрдісі мен этномәдени ерекшеліктері ғылым таразысына салынып, көшпелілер өркениетінің «Түркі бірлігі» идеясының «Мәңгілік Ел» концепциясымен сабактастыры туралы кең мағлұмattар беріледі.

Түйін сөздер: «Түркі бірлігі» идеясы, «Мәңгілік Ел» концепциясы; түрік қағанаты, «Көк Тәнірі», «Көк бөрі», Құлтегін, Тонықөк, Білге қаған, Иоллығітегін, Қапаған, Қытай жылнамалары, «Қазақстан – 2050» стратегиясы, «Құттық Білік» дастаны, әл-Фараби философиясы, қазақ хандығы, Алаш идеясы, тәуелсіздік.

¹Майкотова Ф.Т., ²Мукатаева К., ³Әбдірейім Г.

¹Факультет журналистики, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: maykotova.galyiya@gmail.com

²Факультет журналистики, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: tantal.km@mail.ru

³Факультет журналистики, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: galionikz@mail.ru

«Түркі бірлігі» как непрерывность научных и теоретических исследований идеи «Мәңгілік Ел»

«Мәңгілік Ел» – национальная идея народа Казахстана. О Вечном һ прекрасные мечты наших предков с древних времен. Ясно, что эта идея «Мәңгілік Ел» ведет нас в будущее и сплотила нашу нацию с целью достижения конечной цели. Прошлое нашей истории подтверждается тем фактом, что наш великий предок Тонықок являлся мудрецом «туркского народа», был советником трех каганов, родоначальником наших предков. 5 лет он учился в Китае среди детей дворян, был прокурором, затем адвокатом в разных провинциях Китая. Далее, при поддержке Эльтерис Куттық Кагана, он создает второй Тюркский каганат. Таким образом, Куттық каган был вторым тюркским каганом. После смерти кагана Тонықок инициировал идею «Мәңгілік Ел». В статье повествуется о жизни кочевников в казахской степи, о тенденции развития науки и утверждения культурных ценностей в масштабах государства, идея «Единства тюркской кочевой цивилизации, построенной на концепции преемственности «Мәңгілік Ел» затрагивает широкий спектр информации.

Ключевые слова: идея «Түркі бірлігі», концепция «Мәңгілік Ел» («Вечная страна»); тюркское ханство, «голубое небо», «Blue», Кутылк Каган, Тоныкок, хроника Капаган, Китай, стратегия «Казахстан – 2050», «Легенда о Благословенных знаниях», философия, Казахское ханство, идея Алаша, независимость.

¹Maikotova G.T., ²Mukataeva K., ³Abdreim G.

¹ Faculty of Journalism, al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty, e-mail: maykotova.galyiya@gmail.com

² Faculty of Journalism, al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty, e-mail: tantal.km@mail.ru

³ Faculty of Journalism, al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty, e-mail: galionikz@mail.ru

«Turki birligi» as continuity of scientific and theoretical of the research of the idea «Mangilik El»

«Mangilik El» is the national idea of the people of Kazakhstan. About the Eternal – the beautiful dreams of our ancestors from ancient times. It is clear that this idea of «Mangilik El» leads us to the future and rallied our nation with the goal of achieving the ultimate goal. The past of our history is confirmed by the fact that our great ancestor Tonykok was the sage of the «Turkic people», he was an adviser to the three kagans, the ancestor of our ancestors. For 5 years he studied in China among the children of the nobles, was a prosecutor, then a lawyer in various provinces of China. Further, with the support of Elteris Kutlyk Kagan, he creates the second Turkic Khaganate. Thus, the Kutlyk kagan was the second Turkic kagan. After the death of the Kagan, Tonykok initiated the idea of «Mangilik El». The article tells about the life of nomads in the Kazakh steppe, the trends in the development of science and the assertion of cultural values in the scale of the state, the idea of «Unity of the Turkic nomadic civilization built on the concept of succession» Mangilik El «affects a wide range of information».

Key words: the idea of «Turki birligi», the concept «Мәңгілікел» («Eternal Country»); Turkic khanate, blue sky, Blue, Kutlyk Kagan, Tonykok, Kapagan chronicle, China, strategy «Kazakhstan – 2050», «Legend of Blessed Knowledge», philosophy, Kazakh Khanate, Alash idea, independence.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы – «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын насиҳаттаған тарихи құжат болып табылады. Аталмыш құжат кешегі 80-ші жылдардың «жариялышық» кезеңінен бастау алған ұлттық тарихымыздың әктандак тұстарын қайта қалпына келтіріп, қоғамдық тарихи сананың қалыптасуына жаңа бетбұрыс жасады. Себебі Жолдауда Мәңгілік Ел идеясына ерекше қоңіл болінді. Осы орайда Елбасы: «Мәңгілік Ел – жалпы казақстандықтардың ұлттық идеясы», – [1] деген баға береді. Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың өткен ғасырлардан бергі асыл арманы болғаны баршаға аян. Болашағымызға бағыт-бағдар беретін де, ұлттымыздың арманын бір арнаға тоғыстыратын да, аскак ұлы мақсаттарға жетелейтін де осы Мәңгілік Ел идеясы екені анық. «Мәңгілік Ел» Түрік жұртының данагөйі, уш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкек бабамыз негізін қалаған идея екендігін қазіргі тарихымыздың шежіре беттері дәлелдейді. «Ол алғаш Қытай мектептерінің бірінен білім алып, сол жүрттың түрлі губернияларында прокурорлық қызмет атқарып, заң саласын жетік менгереді. Кейін Құтлық қаған Елтерістің қомегімен екінші Түрік қағанатын құрған кезде оған қолдау

көрсетеді. Қағанат орнап болғаннан кейін Тоныкек «Мәңгілік Ел» идеясын насиҳаттауды жүзеге асырады».

Қазақ даласында өмір сүрген қошпелілер мемлекеттілігінің тұтас даму үрдістері мен этномәдени ерекшеліктерін ғылым таразысына салып, қайта зерттеу бүгінгі қазақ өркениетінің қалыптасу, даму жолдары туралы кең мағлұматтар береді. Бүгінгі қазақ жұртына «Қазақстан – 2050» стратегиясының ұсынған Мәңгілік Ел идеясының мәні өз бастауларын тарихтың терең қойнауларынан тарқатады. Түркі жұртының қара шаңырағы Қазақстанның ежелгі ата-бабалары Көк түріктердің енгізген Мәңгілік Ел идеясын қайта жаңғыртып, ұлттық идея ретінде ұлы бағдаршам етіп алуы өзекті мәселе болмак.

Негізгі болім

Түркі жұртының ұлы тұлғасы Ісмағұлбек Ғаспірәл «Тілде, істе, пікірде – бірлік!» деп жар салды. Оның «Мәңгілік Ел» идеясының тұп тамырын жалғастыратын түркі бірлігін насиҳаттаған «Тәржіман» газетін жарыққа шығарып, әлемді дүр сілкіндіргені белгілі. Ахмет Байтұрсынов бұл басылым туралы: «Бүгінге дейін жарық көрғен «Қазақ», «Алаш», «Сарыарқаларды» – «Тәржіманның» балалары деп атағаны көп жәйтті аңғартса керек. Бұл идея туралы Иоллығтегін қаған «Тұтас түрік

елі» деп тасқа қашап жаздыrsa, «Күлтегін» жыр жолдарында: «Жоғарыда Көк Тәнірі, Тәменде қара жер жаралғанда, Екеуінің арасында адам баласы жаралған», – деп жеткізген.

Көне түрік жазбаларындағы бұл жазба де-ректер түрік дүниетанымының терең рухани маңыздылығын танытады. Көк Тәнірі құпия тылсым күш деп танылған. Көк Тәнірдің құдіретімен түріктер Көк бөріден тараган деген то-темдік көзқарас тудырған. Осылайша «Тәнір» мен «Түрік» сөздері ерекшелене түскен. Оларға иелік еткен қолбасшылар «бектер» деп аталған.

Бумын қаған іргесін қалаған Түрік қағанаты Византиямен шекараласып, Персия, Үндістан, Қытаймен шектесетін іргелі империяға айналды. Кейін Қытайдың саяси іс-әрекеттерінің әсерінен алып қағанаттың іргесі сөгіле бастайды. Қытай императорлары өз саясатын жүзеге асыру үшін қағандарға өз қыздарын беріп, оларды бағындыруды қөздейді. Түріктердің тәуелсіз саясатына кедергі жасап, оларға Қытай мәдениетінің құн-дылықтарын мойыннату арқылы түріктердің көшпелі мәдениетін күйретіп, оларды өздеріне құл ету мақсатын қөздейді. Осылайда әдістерді қолдана отырып, Қытай императорлары 709 жылы түрік Батыс және Шығыс Түрік қағанаттарының қағаны Қапаганды (Мойыншор) қолға түсіреді. Түрік қағанатын қайта қалпына кел-тірген Елтерістің (Құтлығ) інісі Қапаган қаған қартайған шағында түрік заңын бұзып, Түркеш-тердің қағанын өлтірді. Қапаганға наразылық білдірген түрік халықтары жан-жаққа бөлініп, Қытайға біртіндең бодан болуға бет бүрады. Осы ретте данагөй қарт Тоныкөк оларға Қытай мәдениетін ішке ендірмей қажеттігін түсіндіріп, бұл мәдениеттен түрікмәдениетінің ерекше орны бар екендігін паш етеді. Бірақ Қапаган қаған оған қарсылық білдіреді. Түрік халықтарының бірлігі мен азаттығын, мәдени-рухани тұтастығын сақтап қалу үшін Күлтегін 716 жылы әскери тоңкеріс жасап, Қапаган қағанының басын алады. Ол өз халқына:

Бек ұлдарың құл болды,
Пәк қыздарың құн болды.
...Түрік, оғыз бектері, халқы, тындандар!
Биіктен тәнірі баспаса,
Тәменде жер айналмаса,
Түрік халқы, ел-жұрттыңды кім қорғайды?, [2]-

деген ұран сөздерін арнап, түріктерді бірлікке, тұтастыққа шақырып, түркі бірлігінің негізін қалады. Таққа ағасы Білгені қаған етіп отырызады. Осы кезде түріктер үшін өз ұрпағын сақтап қалу маңызды болды. Білге қаған, Күл-

тегін және Тоныкөк түркі жұрттының басты жауларының қытайлар екендігіне көз жеткізіп, оларға қарсы идеологиялық саясат қалыптастырудың жолын ұсынды.

Осылайда идеологиялық ұстанымды қалыптастыру Тоныкөк сияқты мемлекетшіл ақылгөй дاناалардың еншісіне тиді. Қытай мәдениетінің көшпелілер мәдениетін жоюға бағытталған мақсаттарын аңғарған қолбасшы өз халқын олардың мәдениетінен алшақ ұстауға тырысты. Осылайша түріктердің саяси идеологиясы «Тұтас түрік елі» идеясына ұласты. «Қытай мемлекетімен арада болған мың жылдық тартыс түркілер үшін «Тұтас түрік елі» концепциясын қалыптастыруды. Себебі, қытайлар мен түріктер арасындағы күрес – тек мемлекеттер арасындағы немесе ұлттар мұддесі арасындағы тартыс емес, екі түрлі дүниетаным мен мәдениет, руханият пен өркениеттер арасындағы қақтығыс болды. Қытайдың дегенін іске асырмайтын ұлттық идея – «Тұтас түрік елі» идеясы өз мінберіне орнықты. Бұл идеяның негізін Құтлығ, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк және Иоллыгтегін сияқты көктүріктер қалап, Көк Тәнірғе бас ие отырып, өз елінің жерін, халқын биікке көтеріп тарихта өшпес із қалдырды [3].

Бұғынгі «Мәңгілік Елдің» мақсат-мұраттарын қөздейтін «Тұтас түрік елі» идеясын Иоллыгтегін тасқа қашап жаздырып, ұрпағына миras етті. Ескерткіштердегі жыр жолдарында түркі жұрттының басын біріктіріп, мемлекеттілікті құру үшін бабаларымыздың «тұнде ұйықтамай, құндіз отырмай, түркі елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін токкені, күш-қуатын бергені» көрініс табады. Сондықтан түрік тектес халықтардың жойылып кетпей, бұғынгі таңда тәуелсіз мемлекеттерге ұласуы «Тұтас түрік елі» идеясының маңыздылығынан туындаиды [4].

Күлтегін сыйлығының лауреаты Сатай Сыздықов ежелгі түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясын үш тұғырда қарастырады: оның біріншісі – көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгілік Ел» манифесі, екіншісі – әл-Фарабидің философиялық шығармаларының бірі «Қайырымды қалада» бұл идеяның теориялық-методологиялық тұрғыдан тиянақталуы және үшіншісі Жүсіп Баласағұнның осы идеяны негізделеген «Құтты Білік» дастаны. Осы рухани жәдігерлер бабалар мұратымен жалғасын тауып, «Мәңгілік Ел» идеясымен сабактаса байланысады [5].

Тас ескерткіштерде «Мәңгілік Ел» ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы бір-бірімен үндестік тауып, еркіндік пен азаттықтың, сондай-ақ тәуелсіздікке жетудің нышандарын айғақтайды.

Мысалы, Құлтегін ескерткішінің бөрі бейнесіл бесбұрышты қалқан тәрізді болып келуі Қек бөріден тараған түркі халықтарының ежелгі то-темдік нанымына негізделгендігі байқалады. Бұған дәлел ретінде Қытай жылнамаларында жазылған түркі жұртының негізін қалаған Ашина Алтайдың «өзінің тегін ұмытпайтындығын елге жария ету үшін қақпасына қасқыр басты туын іліп қойғандығы» туралы деректерді көлтіруге болады. Тудағы бөрі бейнесі сәндік ұғымды емес, саяси-әлеуметтік, яғни елдік пен еркіндікті, тәуелсіздік пен азаттықты айшықтайты [6]. Сондықтан Бөрінің бейнесі көптеген түркі тайпалары мен руларының таңбасы болған. Сондықтан белгілі түрколог ғалым, тарихшы Қаржаубай Сартқожаұлы да: «Мәңгілік Ел» идеясы тектен-текке шықкан дүние емес. Кезінде Түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тонықек абыз негізін қалаған идея» дейді. Бұл тарихи асыл мұратты Президент те дөп басты [7]. Осы орайда Елбасының: «Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпықазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы» деген пікірлері орынды.

Түркі дұниесінің «Мәңгілік Ел» философиясының теориялық негізdemелерін әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Азаматтық саясат», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздері» енбектерінде сөз етеді. Адамдардың бакытқа жету жолындағы қайырымдылық пен түсінушілік, достық пен бейбіт ғұмыр, мәнді тәрбие мен маңызды тәлім – әл-Фарабидің философиялық көзқарастуралы теориясының құнды тараулары болып табылады. Түркі мемлекеттерінің сабактастығы қазақ хандығы тұсында да жалғасын тапты [8]. Қазақ хандары Керей мен Жәнібек, Қасым хан, Есім хан, Тәуке хан, Абылай хан мен Кенесары хандарымыздың көрегендік билік жургізуінің арқасында қазақ елі ұлан-байтақ жерге ие болып, «Мәңгілік Елге» айналды. Қазақ тарихының жарқын беттерінен орын алатын Алаш қайраткерлері де тәуелсіздік идеясын одан эрі жалғастырып, өз жұртының ұлт ретінде дербес өмір сүрге, өзге елдермен терезесі тен халық ретінде азат құн кешуге болатынын жария етті.

«ХХ ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделік ігі жақсылар қазактың ұлттық идеясын жасау міндеттін өз мойнына алды» [9].

Бүгінде Алаш қайраткерлері армандаған, сол жолда жаңын сала курескен тәуелсіздікке

қол жеткіздік. Қеңестік идеологиядан арылып, ұлттық сана-сезім оянды. Мұстафа Шоқайдың: “Ұлтшылдық идеясы – халқымыздың жаны мен жүргегі. Ұлттымыз өмір сүрсе, ол да өмір сүреді” [10], – деген сенімді сөздері ғасыр соңында жүзеге асты. Енді тәуелсіздігімізді баянды ету үшін ұлттық сананың жаңғыруы, ұлттық наимыс пен ерік-жігеріміздің асқақтауы аса қажет. Ұлттық идеялардың қазаққа қызмет етуін қамтамасыз ету – бұғынгі күннің маңызды мәселесі. Себебі ұлттық идея – кешегі алашордашылардың бойтұмары болса, бұғынгі тәуелсіздіктің бағдаршамы.

Алаш зияллылары адам алдымен өз халқы үшін «емірену керек, егілу керек!» деген ұстанымды ұлттық идея ретінде алға тартады. Олардың өз халқының қамы үшін барлық өмірлерін сарп етуі әрдайым қоғасынан көзсіз ерлік пен саналы іс-әрекеттің жемісі. Сондыктан олардың сауаттылықтың, терең білімділіктің қазақ үшін қандай қажетті құбылыс екенін жете түсінгенін байқаймыз. Олар қазақ қоғамындағы жаңашылдық негіздегі мектептердің көбейгенін қалайды. Адамның білімге деген құштарлығының шексіз болатындығына, қазақ жастарының әрбір бос өткен уақытының өкінішті екенін шығармашылықтарында өрнек-теп отырады [11].

Бүгінгі Қазақстан өз халқының әлеуеттік сапасын арттырып, ғылым, білім, инновациялық ізденістер жолында үздік жетістіктерге жетіп, өз тілімізді ардактағ, дініміз бен тілімізді, рухани жаңғырудың ізгілік мұраттарын одан әрі жандандырып, «Мәңгілік Ел» тұғырынан мәңгілікке орын алуды биік мақсат тұтады.

Корытынды

Кешегі ұлт бірлігін, қағанат билігін мәңгілікке сақтап қалуды мұрат тұтқан Білге қаған, Тонықөк, Күлтегін бабаларымыздың «Түркі бірлігі» концепциясы бүгінгі «Мәңгілік Ел» идеясын қалыптастыруға негіз болмақ. Осы ретте М.Жұмабаевтың «Мәңгілік Елдің» ана тілінің негізінде ғана қалыптасадатындығын өзек еткендігі: «Тіл – адам жаңының тілмашы. Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың мәңгілік ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағандығын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат ешнәрсе болмасқа тиісті. Түрік елінің келешек тарихында қазақ ұлты төрден орын алмақшы. Келешектің осылай болуына біздің иманымыз берік» [12], – деген жолдарынан байқалады. Алаш зиялъяларының тіл төңіре-гіндегі еңбектерінің алуандығы – олардың ұлт

тағдырындағы тілдің төтенше маңызын әрі терең, әрі жан-жақты түсінгендігін аңғартады. Бүгінгі ұрпақ XX ғасырдың басындағы ұлт зиялдары таңдаған білім мен біліктілік жолын бағдаршам етіп алғып, туган еліміздің тәуелсіздігін сақтауға, ұлттымыздың рухани жаңғыруын

мақсат тұтып, ұлттымыздың салт-дәстүрлері мен мәдени құндылықтарын дамыту арқылы «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асырмақ. Кешегі «Түркі бірлігі» мен «Алаш идеялары» – бүгінгі «Мәңгілік Елдің» ұлттық концепциялары ретінде қалыптаса бермек!

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н. Тарих толқынында. –Алматы: Атамұра, 2003.
- 2 Кенжебаев Б. Түркі қаганатынан бүгінге дейін. //Ана тілі, 2004.
- 3 Гумилев Л. Қоңе түрктер. – Алматы: Білім,1994.
- 4 Карибаева А. «Түркі бірлігі» идеясынан «Мәңгілік Ел» Ұлттық идеясына дейін. <http://old.prosveshenie.kz/1453-trk-brlg-ideyasyan-mglk-el-lty-ideyasyna-deyn.html>. 2016.
- 5 Cevanşir Fevziyev, Türk Devletleri Birliği : Küresel Entegrasyonun Avrasya Modülü. yeditepeyayın, 2016.
- 6 Abdürrahman Küçük, Asrin Kızılıelması Türk Birliği, Berikan yayın, 2017.
- 7 Elnur Hasan Mikail, Türk Birliği Projesi, İQ kültür sanat yayınları, 2008.
- 8 Mehmet Saray, Gaspirali Ismail Bey'den Atatürk'e Türk Dünyasında Dil ve Kültür Birliği, Türk Dil kurumu yayınları, 2008.
- 9 Adnan Kalkan, Avrupa Birliği mi Türk Birliği mi, İQ kültür sanat yayın, 2007.
- 10 Faiq Elekberov, Turan sivilizasiyasına giriş: Turan məfkurəsi və Tanrıçılıq. Bakı, Khan nəşriyyatı, 2017.
- 11 Президент Н. Назарбаевтың халыққа Жолдауы. Қазақстан – 2050 «Бір мақсат, бір мұдде, бір болашак», – Астана, 2014.
- 12 Мукушева К. XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзі: ұлттық дүниетаным және “Дала” концепті. Философия ғылымдарының (PhD) докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.

References

- 1 N. Nazarbayev In the stream of history. – Almaty: Atamura, 2003.
- 2 Kenjebaev B. From the Turkish kaganate to the present. // Native language, 2004.
- 3 Gumilev L. Old Turks. – Almaty: Education, 1994.
- 4 Карибаева А. From the idea of «Turkish Unity» to the idea of «Mangilik Yel». <http://old.prosveshenie.kz/1453-trk-brlg-ideyasyan-mglk-el-lty-ideyasyna-deyn.html>. 2016.
- 5 Cevanşir Fevziyev, Union of Turkish States: Eurasian Module of Global Integration. Seven times, 2016.
- 6 Abdürrahman Küçük, The Infiltration of the Age Turkish Union, Berikan Publishing, 2017.
- 7 Elnur Hasan Mikail, Turkish Union Project, IQ culture and art publications, 2008.
- 8 Mehmet Saray, Gaspirali Ismail Bey, Atatürk, Turkish Language and Culture Association, Turkish Language Association, 2008.
- 9 Adnan Kalkan, European Union or Turkish Union, IQ culture art publication, 2007.
- 10 Faig Elekberov, Introduction to Turan Civilization: Turan Ideology and Godliness. Baku, Khan publishing house, 2017.
- President N.N. Address by the President of the Republic of Kazakhstan. Kazakhstan – 2050 «The single purpose, common interests, common future» – Astana, 2014.
- 12 Mukusheva K. The Kazakh word for the beginning of the twentieth century: the national outlook and the concept of “steppe”. Dissertation for the degree of Doctor of Philosophical Sciences (PhD). – Almaty: Kazakh University, 2017.